

Список литературы

1. Кузембайулы А. История дореволюционного Казахстана. – Алматы, 1992.
2. Ержанов А., Муканов М. История без фальсификаций. // Азия дауысы, 1997, №7.
3. Кусаинов А., Жанпейсова М. Далекое-близкое «...гордиться славою своих предков». // Акмолинская правда, 1993, 20 апреля.
4. Кузембайулы А., Абиль Е. История Казахстана. – Костанай, 2006.
5. Трепавлов В.В. История Ногайской орды. – М., 2002.
6. Тураев В. О характере купюр в публикациях русских землепроходцев XVII века // Острог. Электронный журнал. – Электронный ресурс. – Режим доступа: <http://ostrog.ucoz.ru/publ/21>.
7. Әбіл Е., Әлібек Т., Күзембайұлы А. Қазақстан тарихының әдіснамасы және теориясының кейбір мәселелері. Қостанай. 2009.

ҚАРАҒАНДЫ ТАРИХШЫЛАР МЕКТЕБІНІҢ ТҰҒЫРЛЫ ӨКІЛІ

Артыкбаев Ж.О.

тарих ғылымының докторы, профессоры
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы

Абдрахманова А.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР тарихшылар және қоғамтанушылар академиясының, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, Қостанай аумақтық тарихи зерттеулер институтының директоры, Қазақ ССР Оқу Ағарту ісінің озаты, Қазақстан Республикасы Ғылымына еңбек сіңірген қайраткер Аманжол Күзембайұлы қазақ тарихы ғылымының белді де, беделді өкілдерінің бірі.

Ол 1945 жылы 24 наурызда Қостанай облысы, Меңдіғара ауданындағы «қазақтың Швейцариясы» атанған Тобыл өзені бойындағы орманды-тоғайлы өлкедегі байырғы қазақ ауылдарының бірі Ұзынағашта өмірге келген. Өз аулындағы жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін, 1960 жылы Қостанай қаласындағы іргесін XIX ғасырдың соңында қазақтың белгілі ағартушысы Ыбырай Алтынсарин қалаған, сол жылдары мектеп – интернат статусына ие болған оқу орнына қабылданды. Бұл мектеп тың және тыңайған жерлерді игеру дәуіріндегі «аман қалған» қазақ мектептерінің бірі еді. Бүкіл облыстағы жалғыз қазақ мектеп-интернатын елімізге, халқымызға еңбегі сіңген талай тұлғалар бітірген еді. Осы күні мектептің қабырғасында Ілияс Омаровтың, Қапан Бадыровтың, Елубай Өмірзақовтың, Серке Қожамқұловтың, Әліби Жангелдиннің, Әмір Қанәпіннің аты жазылған тақташа ілулі тұр. Аманжол сегізінші сыныпқа алынған 80 баланың бірі болды. Өкінішке орай, 11 сыныпқа олардың тек 30-ы ғана жетті. Сол 30 баланың 29-ы жоғарғы білім алып, екеуі ғылым докторы, 4-уі ғылым кандидаты атанды. Инженер, мұғалім, дәрігер мамандығын алған мектеп түлектері ел абыройына ие болды.

Мектеп қабырғасында жүріп Аманжол тарихи әдебиеттермен танысты. Сол кезде интернаттан алыс емес Повстан көшесіндегі облыстық кітапханада қолы босаған сәтте тарих тұңғышына бойлаушы еді.

Әлбетте, интернат балаларында көп бос уақыт та болмаушы еді. Сабақтың көпшілігі орыс тілінде болғандықтан, ауылдан келген қазақ балаларына сабаққа ұзақ дайындалуға тура келетін.

Оның үстіне, әрбір оқушы міндетті түрде пионерлер сарайына, жас техниктер немесе натуралистер үйіне бір үйірмеге қатысуға тиісті еді. Аманжол пионерлер сарайындағы орыстың ұлттық аспаптары оркестрінде домбыра аспабында ойнады, машина жөндеу заводында темір жонушы дайындайтын курсты бітірді.

1964 жылы мектеп бітіріп шыққан Аманжолдың алдында асқақтаған арманы – жоғарғы оқу орнында оқып, таңдаған мамандығын алу еді. Дегенмен сол жылы алыстағы арман қала Алматыға барудың реті келмеді. Қысқа жіп күрмеуге келмей, жол шығыны да, тамағы да, киімі де тегін әскери училищеге оқуға түсуге тура келді. Солтүстік Кавказдағы Орджоникидзе (Қазіргі Владикавказ) қаласындағы әскери офицер дайындайтын оқу орнында қызмет істейтін Қостанайлық дәрігер-полковник Аманжолды елге қайтуға көндірді.

1964 жылдың қазан айында ол Арқалық қаласындағы Ангар кеңшарында темір жонушы болып орналасты. Бұл жұмысты істей жүре ол кеңшардың комсомол ұйымының хатшысы міндетін де орындады. Кейін сәуір айында аудандық комсомол комитетіне қызметке ауысты. Бірер жыл қызмет істеп, біраз қаражат жинап алған Аманжол 1965 жылы Алматыға келіп, сол кездегі қазақтың маңдайына біткен жалғыз университеттің тарих факультетіне өз құжаттарын тапсырды. Арман қуып, бақыт іздеген жастар кең байтақ республикамыздың шартарабынан жиналған. Сол кезде Алматының қай оқу орнында болмасын конкурс үлкен.

Қазақ бөліміне небары 25 адам қабылдайтын тарих факультетінде бір орынға конкурс 3 адам еді. Бағы жанып сол жылы студент атанды.

Университет қабырғасында Аманжол Қазақстан тарихы мәселесімен үлкен ынтамен айналыса бастады. Бірінші курсты аяқтаған жылдық каникул айларында ол Қазақ ССР ғылым академиясының белгілі ғалымы, антрополог Оразақ Смағұлұлы бастаған антропология экспедициясының құрамында Алматы облысында зерттеу жұмысына қатысты. Осы экспедицияның құрамында үш жыл бойы ол Қазақстанның көпшілік облыстарын аралады. Оразақ Смағұлұлы тек қана қазақ тарихының білгірі емес, ол әлем тарихының қыр-сырын терең меңгерген ғалым. Ол Москвадағы Миклухо-Маклай атындағы этнография институтының аспирантурасында оқып жүріп, медицина институтында лекцияларға қатынасып адамзаттың биологиялық ерекшеліктерімен жақын танысуға тырысқан. Күндіз зерттеулер жүргізген экспедиция мүшелері кешке Оразақ ағайдың әңгімесін тыңдаушы еді. Әр жылда 3 айдан, 3 жылда 9 ай бойы О.Смағұлұлының ғылым жөніндегі әңгімелері Аманжол үшін үлкен университет болды.

Болашақ профессордың нағыз тарихшы болып қалыптасуына үлкен әсер еткен оның шешесі жағынан жақын туысы Манаш Қабашұлы еді. 1965 жылдың шілде айында Алматы аэропортында қарсы алған Манаш аға Аманжолмен көзі жұмылғанша жақын қатынаста болды. Сенбі, жексенбі күндері бірге болған кездерде әңгіме тек тарих жөнінде болушы еді.

Аманжол университетте оқып жүріп қазақ антропологиясымен, археологиясымен, көне тарихымен айналысты. Үшінші курста ол Бүкілодақтық Душанбе қаласында өткен студенттердің ғылыми конференциясына қатысып, үшінші жүлдегер атанып, қола медальдің иегері болып қайтты.

Конференцияда ол “Әл-Фараби қыпшақ даласының ұлы ғалымы” атты тақырыпта баяндама жасап, одақтың шартарабынан келген студент жастарға қазақ мәдениетінің көнелігін әйгіледі.

Ол оқытушылық еңбек жолын 1969 жылы 4 қыркүйекте Қарағанды педагогикалық институтының жалпы тарих кафедрасында оқытушы қызметінен бастады. Жас маман бірден «Ерте дүние тарихы» пәнінен қазақ бөліміне лекция оқып, семинар жүргізді. Ол кезде факультетті институттың іргетасын қалаушылардың бірі Қали Жуасұлы, кафедраны Москва университетінде кандидаттық диссертациясын қорғаған жас ғалым Әлімжан Нұғыманұлы Телғарин басқарды. Сол жылы факультетті бітірген

Сәулебай Төлкиев, Сансызбай Егізбаев, Болат Нұржанов, кейінгі жылдары институт бітірген Бітімбек Адамбеков, Шолпан Момынова сияқты жас мамандармен Аманжол оқытушылық қызметтің қыры мен сырын меңгере бастады.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдары Қарағанды сияқты Қазақстанның өндіріс орталығында екінші университет ашу туралы мәселе көтерілді. Осыған орай, институтқа келген Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитет комиссиясы 1972 жылы осы оқу орнының базасында Қазақстанда екінші университет ашу жөнінде шешім қабылдады. Әрине, кез-келген оқу орнының атақ абыройы онда істейтін кадрларға байланысты. Институт ректоры Сейітқали Баймурзин Алматы қаласындағы оқу орындарымен ғылыми мекемелерге жас оқытушылардың бір тобын аспирантураға жіберуге ұйғарды. Сонымен келесі жылы 30-ға жақын жас маман Алматыға жол тартты. Олардың көпшілігі өздеріне берілген үш жылдың ішінде аспиранттық бағдарламаларын орындап, институтқа қайта оралды. Солардың бірі Алматы педагогикалық шет тілдері институтында аспиранттық бағдарламаны тәмамдаған Аманжол Күзембайұлы ғылым кандидаты дәрежесінде Қарағанды университетіне қайта оралды.

1972 жылы Қазақстанда екінші университет стутасын алған осы оқу орнында Аманжол қазақтың талай абзал азаматтарымен қызметтес болды. Қазақстан тарихы кафедрасында сол кезде қызмет істеген Есен Тәжібаев, Ырымбек Спанов, Шолпан Момынова, Сағындық Жауымбаев, Валерий Евдокимов сынды әріптестерін Аманжол жиі еске алады. Кейін Қазақстандағы үшінші болып ашылған кафедрада Жамбыл Артықбаев, Ырымбек Жұмашев, Ләззат Шотбақова, Есет Есенғараев, Еркін Әбіл, Мәулен Жақин, Бәнү Абдрахманова сияқты кафедраның шәкірттері ғылым кандидаты, докторы дәрежелеріне ие болды. Сөйтіп, Аманжол Күзембайұлы тарихшылардың арасында «Қарағанды тарихшылар мектебі» деп аталатын ғалымдар тобының іргетасын қалаушылардың бірі болды.

Сол жылдардағы университет ректоры халқымыздың кемеңгер ұлдарының бірі Евней Арыстанұлы Бөкетов жас маманға ағалық көмегін аяған жоқ. Ол жылдары Қарағанды сияқты үлкен қалада пәтер алу оңай шаруа болмайтын. Ебекең небары 5-6 жылдың ішінде аспирантураның соңғы курсына оқып жүрген Аманжолға қаланың ортасынан екі бөлмелі, кандидаттық диссертация қорғап келгеннен кейін, үш бөлмелі, кейін университет қалашығында оқытушыларға арнап, салынған үйден бес бөлемі пәтер берді. Аманжол да аянып қалған жоқ. Жас университеттің жұмысына белсене араласып кетті. Жоғарғы оқу орнында негізгі шаруа оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру. Сол кездегі оқытудың жаңа технологияларын игере отырып, ол оқу-әдістемелік құжаттарды бір жөнге келтіру мәселесіне ат салысты. Бұл саладағы жемісті еңбегін бағалаған университет басшылығы оны оқу-әдістемелік басқармасына бастық етіп тағайындады.

Аманжол осы жылдары ғылыми жұмыспен де белсенді түрде айналыса бастады. Ол алғашқылардың бірі болып қоғамдық ғылымдар саласында ғылыми зерттеу жұмыстарын шаруашылық келісім-шарттар негізінде жүргізді. 1978 жылы Қостанай жасанды талшық жасау комбинатының тарихын жазу жұмысын қолға алды.

Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушілігіне сайланғаннан кейін, ол Орталық Қазақстанның көне ескерткіштерін табу, зерттеу, есепке алу, құжаттау сияқты жұмыстарына үлкен ыждаһаттылықпен кірісті. Факультет тарихында алғашқы оқу құралын («Казахстан в древности» 1987) жазды, ғылыми жетекші ретінде алғашқы рет ғылым кандидаттарын (Л.Болатбаева, Б.Байтанаев) дайындады, алғашқы ғылыми жинақтардың («Вопросы историографии Казахстана») редакциясын басқарады. Қазақ тарихшыларының ішінде 80-90 жылдары халқымыздың тарихын қайта жазу қажеттілігін айта бастағандардың ішінде Аманжол да болды. Ол жазған оқу құралдары тарихшылар арасында үлкен табысқа ие болды. Оқу құралдарын сол кездегі республика мектептерінің мұғалімдері Қарағандыға іздеп келіп жүрді.

1992 жылы осы кітап кеңейтіліп, хронологиялық шегі ұзартылып жоғарғы мектеп студенттері үшін оқулық ретінде басылып шықты. Оқулықта көптеген сыни пікірлер айтылды. Қазақ тарихының күрделі мәселелері жаңа көзқараста талданып, ұлттық тұрғыдан көрініс тапты. 1993 жылы оқулық Қазақ академиясының тарих және этнология институт бөлімдерінің біріккен мәжілісінде талқыланып жоғары бағаланды. Сол жылы Аманжол Күзембайұлы осы институт жанындағы докторлық кеңесте “Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ тарихына жаңа тұжырымдама тұрғысы негізінде қайта қарау” деп аталатын докторлық диссертациясын қорғады. Оқулыққа да диссертацияға да талқылау барысында, кейіннен баспасөз бетінде де сын-пікірлер айтылды. Кейінгі жылдары осының барлығы ескеріліп оқулық он рет басылды, тіпті жетінші басылымы Санкт-Петербург қаласында жарық көрді.

80-жылдардың аяғында тарихшылар ортасында ел тарихы, жер тарихына баса көңіл аудару керек деген пікір етек алды. Атақ дәрежесі бар тарихшылар қазақтың көне тарихына қалам тарта бастады. Бұған түрткі болған алдымен 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі. Кеудесінде отаншылдық рухы бар азаматтар өз тарихын мәдениетін білуге құмартты. Осы арада әсіресе қазақ тілді баспасөз беттерінде журналист ағайындардың тарихқа байланысты материалдары жарық көре бастады. Олардың ішінде сын көтермейтін, ертегіге ұқсастары да баршылық еді. Осындай жағдай тарихшылар алдына үлкен міндеттер қойды.

Аманжол Күзембайұлы алдымен министрлік пен сол кезде Қазақстан Орталық комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібековке хат жолдап, Қазақстан тарихын балалар бақшасынан бастап жоғарғы оқу орындарына дейінгі мекемелердің оқу жоспарына кіргізу жөнінде ұсыныс жасады. Көп кешікпей ол министрліктен орта мектептер үшін пән бойынша оқу бағдарламасын жасауға тапсырма алды. Баламалы бағдарлама жасаған ол қазақ тарихын орта мектепке кіргізу үшін көп еңбек жасады. Біріншіден, Қарағанды, Қостанай, Торғай, Жезқазған, Көкшетау облыстарында тарихшы мұғалімдерді қайта дайындау ісіне ат салысты. Содан кейін мұғалімдер үшін “тіректі конспект” деп аталатын материалдар жинағын жазып оны көбейттірді. Қарағанды университетінің Аманжол басқаратын “Қазақстан тарихы” кафедрасының оқытушылары аумақтағы оқу орындарында қазақ тарихын оқытуға ат салысты.

1989 жылы Аманжол Күзембайұлы кәсіптік орта білім беретін оқу орындары үшін Тараз, Қостанай, Алматы қалаларында тарих, экономика және география пәндерінің мұғалімдеріне “Менің республикам” деп аталатын аймақтық семинарлар жүргізді.

Халыққа білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін Аманжол Күзембайұлы 1991 жылдың маусым айының 15 жұлдызында “Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері” белгісімен марапатталды.

Ол 90 жылдардағы саяси процеске белсене қатынасқан адам. Сол жылдардағы Бүкілхалықтық “Азат” қозғалысының басшыларының бірі ретінде елге танымал болды. Республикалық “Азат” саяси партиясын ұйымдастырушыларының бірі ретінде Аманжол елде демократиялық үрдістің қалыптасуына өз үлесін қосты.

1993 жылдың тамыз айында Қостанай ауыл шаруашылығы институты басшылығының шақыруымен Аманжол Күзембайұлы осы оқу орнында “Қазақстан тарихы” кафедрасын ұйымдастырды. Сонымен қатар, Қостанай Ахмет Байтұрсынов атындағы университеттің Отан тарихы кафедрасында профессорлық қызметін қоса атқарды.

1998 жылы тамыз айында ол Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің заң факультетінің деканы болып тағайындалды. Сонымен бірге, Қазақ мемлекеттік академиясының Солтүстік Қазақстан филиалының директоры қызметін қоса атқарды.

2001 жылдың жазында Мемлекеттік қызмет институты Алматыдан Қызылжарға көшіп келіп, осы жердегі Заң университеті мен Мемлекеттік қызмет институты филиалдарының негізінде жаңа оқу орны құрылды. Аманжол Күзембайұлы осы оқу орнын басқарды.

2004 жылдың ақпанында ол өзінің жеке меншік аумақтық тарихи зерттеулер институтын ашты. Профессор Күзембайұлы Қазақстан тарихының өзекті, аз зерттелген проблемалары жөнінде 200-ден астам ғылыми еңбек жазған тарихшы. Ол өзінің шәкірттерімен бірге халқымыздың көне және ортағасырлық тарихы, ғылымның теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша зерттеу жүргізуде. Өзінің оқулықтарында халқымыздың ұлт-азаттық қозғалысына үлкен көңіл бөлді. Қазақ тарихына евроцентристік көзқарасты әшкерлей отырып, ол ұлттық тарих – қазақ халқының мүддесін көздеуі керектігін дәлелдеді.

Аманжол Күзембайұлы студенттерге білім берумен бірге, өз білімін де жетілдіріп келеді. Сондай ізденімпаздығы мен біліктілігі, еңбекқорлығы, тәжірибе молдығының арқасында 2006 жылы республика бойынша «Жыл оқытушысы» атанды.

Көпжылдық тарих саласындағы еңбегі бағаланып, Аманжол Күзембайұлы 2009 жылдың 18 ақпанында «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталды.

Жақында Қостанай қаласында 750 беттен тұратын «Ашамайлы керей, Танаш баба шежіресі» атты көлемді монографиялық еңбек жарық көрді. Бұл еңбекті жұртшылық А.Күзембайұлы басқаратын ғалымдар тобының зор жеңісі деп есептеп жылы қабылдады. Аумақтық тарихи зерттеулер институты Қостанай өңірінің ономастикалық проблемаларына көңіл қойып, зерттеу жұмысын жүргізуде. Оның алғашқы нәтижелері үш томдық кітап болып, қалың оқырманның қолына тиді. Әлі де бірнеше томы шығады деген үміттеміз.

Қорыта айтқанда, Аманжол Күзембайұлы басқаратын ғалымдар тобы замана талабына сәйкес тек қана жастардың ғана емес, сонымен қатар бүкіл қазақ қоғамының тарихи санасын қалыптастыруға зор үлес қосуда. Биылғы мерекелі жылымызда институт ұжымы еліміздің тәуелсіздік жылдары жеткен табыстарымызды насихаттайтын жылжымалы ғылыми-практикалық конференцияны үш қалада, жеті ауданда өткізді. Алда қыруар шаруа, шешілмеген мәселе, зерттелмеген тақырып, зерделенбеген тарихтың теориялық және әдіснамалық проблемалары жатыр.